

	Жазған:	Оқу ісінің менгерушісі (мектеп бойынша)
	Мақұлдаған	Басқарушылар кеңесі
	Шыққан немесе соңғы қаралған күні:	15/04/2022
	Келесі қаралу күні:	15/08/2024
	Саясат нөмірі	G11

ИНКЛЮЗИВТІЛІК САЯСАТЫ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР МЕН МҮГЕДЕКТІК САЯСАТЫ

Haileybury Astana мектебі инклюзивтілік қағидатын ұстанады. Жан-жақты қарастырылған, теңдестірілген және заңдылықтар мен нормаларға сәйкес оқу бағдарламасы барлық оқушыларға жасына, жынысына, нәсіліне, түсіне, тегіне, дініне немесе мүгедектігіне қарамастан, өз әлеуетін барынша арттыруға тең мүмкіндік береді. Біз оқушыларымыздың өз бойындағы әлеуетін толығымен жетілдіре түсулері үшін шабыт беріп, ынталандыру мақсатында ата-аналармен, оқушылармен, отбасылармен және кең қауымдастық мүшелерімен мейлінше жағымды қарым-қатынас орнатып, одан әрі дамытуға тырысамыз.

Haileybury Astana мектебінде біз теңдікті қолдап, жан-жаққа таратуға, ілгерілетуге және кемсітушіліктің кез келген түрімен күресуге тырысамыз. Қызмет бабымен жоғарылау, жетістікке қол жеткізу, қатынасу, нәтижеге жету, жеңімпаз атану жолындағы кез келген кедергілерді жоюға тырысамыз. Біз қауымдастықты біріктіруге қосқан әрбір үлесімізге байыппен қараймыз. Сонымен қатар біз қорғалуға тиісті тоғыз сипаттаманы, атап айтқанда, жас ерекшелігі, мүгедектік, жыныстың өзгеруі, неке және азаматтық серіктестік, жүктілік және ана болу, нәсіл, дін мен сенім, жыныс және жыныстық бағдарды қазақстандық қоғам мен құқықтық шеңбер контекстінде құрметтеуге кепілдік береміз.

Біздің алға қойған мақсаттарымыз:

- Барша жас жеткіншектеріміз өсіп-өркендеу мүмкіндігіне ие болатын және «Әр бала маңызды» бағдарламасының барлық бес нәтижесіне қол жеткізе алатын қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету [салауатты өмір сүру салты, қауіпсіздік шараларын сақтау, жасаған іс-әрекетіне көңілі толу және нәтижелерге қол жеткізу, даму үшін оң үлес қосу және экономикалық әл-ауқаттан ләззат алу];
- Адамдар дерлік өз бірегейлігін, жеке басын және қандай да іске қатысы барын сезіне алатын оқу ортасын қалыптастыру.

- Оқушылар жергілікті, аймақтық, ұлттық және халықаралық қоғамдастықтан өз орнын таба алуға қабілетті болатындай әртүрлі қоғамда өмір сүруге дайындау, бейімдеу;

- Барлығына тең мүмкіндіктер беру үшін ата-аналармен және мектеп қауымдастығымен жан-жақты жұмыс жасау;

- Жынысына, этникалық тегіне, мүгедектігіне, дініне және жасына қарамастан, адамдардың әртүрлі топтары туралы оң, таптаурын болып, мезі ететін емес, керісінше, тың, өзекті ақпарат беру;

- Кемсітушілікпен және қолайсыз жағдайлармен белсенді күресу.

- Инклюзивтілік мектепте өткізілетін әрі жүзеге асырылатын барлық іс-шараларымыздан көрініс табуға тиіс.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін біз жүзеге асыратын іс-әрекеттер:

- Қабілетіне, мүгедектігіне, жынысына немесе этникалық тобына қарамастан, оқушылардың мектепке қабылдануын қамтамасыз ету.

- Барлық топтардың жақсы дамып келе жатқанына және олардың ешқайсысының ыңғайсыз жағдайда қалмағанына көз жеткізу үшін қажетті деректерді жинау және талдау.

- Оқушылардың барлығына дерлік сәйкес келетін оқу тапсырмаларын анықтау үшін қолжетімді ақпаратты толық пайдалану.

- Оқушылардың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру және білі алу жолындағы кез келген ықтимал кедергілерді жеңу.

- Басқаларға құрмет көрсететін мінез-құлықтан үлкен үміт күту.

- Академиялық

Оқыту стилі барлық оқушылардың сабаққа қатысуын ынталандыруы және белгілі бір топтың сабақ үстінде үстемдік көрсетуіне жол бермеуі керек. Оқу жоспарын жоспарлау, оқу бағдарламаларын таңдау және жұмыс схемаларын жасау кезінде тең мүмкіндіктерді ескеру қажет. Қажет болған жағдайда қызметкерлер барлық оқушы есімі мен тегінің дұрыс айтылуын қамтамасыз етуі керек. Факультет басшылары өз топтарын анықтаған кезде, топ құрамында міндетті түрде ұлдардың да, қыздардың да болғанына назар аударуы қажет, егер мүлдем мүмкін емес жағдай туындаған болмаса, қалған уақыттың бәрінде де мектептің ұстанатын саясаты бойынша топта тек бір ұл немесе бір қыз ғана болуға болмайтынын есте ұстауы керек.

● **ЖЫНЫСЫ**

Қызметкерлер өз тарапынан қырағылық танытып, сексистік мінез-құлықтан аулақ болады деп күтілуде. Олар оқушыларды қоғамда «ер адам рөлі» және «әйел адам рөлі» деген кең таралған түсініктерге, біржақты көзқарас пен стереотиптерге қолдау көрсетпей, қарсы тұруға шақыруы керек. Барлық оқушылар жынысына қарамастан, оқу бағдарламасының барлық бөлімдеріне бірдей қол жеткізе алатын болуға тиіс.

● **Мүгедектік**

Haileybury Astana мектебі Ұлыбританияның 2010 жылғы теңдік туралы Заңына, KCSIE және осы күннен бастап қабылданған қосымша заңнамаға сәйкес өз міндеттемелерін мойындайды. Мектеп мүгедек емес оқушымен салыстырғанда мүгедек оқушының қолайсыз жағдайға тап болмауын қамтамасыз етуге бағытталған ақылға қонымды түзетулер енгізеді. Сондай-ақ, қызметкерлер мүгедек емес оқушыға қарағанда мүгедек оқушыларға мүгедек болғандықтан ғана оған аяушылықпен қарап, мүсіркеп, ол үшін қолайлы болуға тырыспау керек деген қағиданы ұстануы керек. Сол себепті де оқу бағдарламалары, ойындар, сыныптан тыс жұмыстар мен мектеп сапарларын жоспарлау және өткізу кезінде мектеп өмірінің барлық аспектілерін жан-жақты ескеру қажет.

- **Тәртіп. Мінез-құлық**

Қызметкерлер мүгедек оқушыларға қарсы бағытталған нәсілшілдік, сексизм немесе дұшпандықтың кез келген көрінісін жеңу үшін тез және батыл әрекет етуі керек, ол ауызша, жазбаша, физикалық, психологиялық және т. б. қандай формада болғанына қарамастан, шұғыл түрде тоқтатуға міндетті.

Басшылар мұндай әрекеттерге жауапты адамдарға олардың мінез-құлқының неге қонымсыз әрі жағымсыз болып табылатынын, мектепте ондай әрекеттерге жол берілмеуі керек екенін түсіндіріп беруі керек. Үй басқарушыларына кез келген оқиға туралы, оның көлемді немесе, керісінше, болмашы ғана болғанын есепке алмастан, дереу хабарлау аса маңызды; бұл көп жағдайда қандай да бір үлкен мәселенің кішкентай ғана ұшы болуы мүмкін. Мұндай мінез-құлықтан бас тарта алмайтын оқушылар директордан ресми ескерту күтуі керек және тәртіпсіз оқушылардан мектептен кетуді талап етуі мүмкін. Haileybury Astana мектебі кез келген түрдегі қорқыту, жәбірлеу әрекеттеріне жол бермейді. Барлық қызметкерлер іс-әрекеттердің ретпен құжатталуын қамтамасыз ету және кез келген мәселелерді шешу үшін батыл әрекет етуі керек. Мектеп оқушылары қаншалықты әртүрлі болғандарына қарамастан, бір-біріне төзімділік пен құрмет көрсетуге міндетті.

- **Қызметкерлер**

Haileybury Astana мектебі тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ететін кез келген өзге жұмыс берушілер сияқты, барлық деңгейдегі қызметкерлерге ерекше назар аудара отырып, әрбір лауазымға ең қолайлы әрі лайықты үміткерді тағайындауға ұмтылатын болады.

Мектептің барлық қызметкерлері жауапты:

- Мектеп ғимаратының әрбір бөлмелері мен кеңселерінде кудалау мен қорлаудың кез келген түрінің орын алмауына мұқият болыңыз.

- KCSIE-ге сәйкес өз міндеттеріңізді есте сақтаңыз және балаларды қорғау бойынша қажетті дайындықтың барлық түрінен өтіңіз.

- Кемсітушілік және жәбірлеушілік сөздермен, соның ішінде гомофобиялық, нәсілшілдік және мүгедектерді кемсітетін сөздермен күресу саясаты туралы хабардар болыңыз.

- Кез келген орын алған оқиғамен тиімді күресу - ашық қорлаудан бастап, әртүрлілік пен айырмашылықтарға қатысты туындаған құрбандықтың болмашы түрлеріне дейін назардан тыс қалдырмаңыз.

- Оқу жоспары мен мектеп мәдениеті шеңберінде кездесетін біржақтылық пен таптаурын көзқарастарды анықтау және олармен күресу.

- Теңдік пен жақсы қарым-қатынасқа қолдау көрсетіп, ынталандырып отырыңыз және нәсіліне, жынысына, дініне, жасына және жыныстық бағдарына байланысты кемсітушіліктің орын алуына жол бермеңіз.

- Біздің алуан түрлі қоғамды бейнелейтін инклюзивті оқу бағдарламасын және жалпы мектеп рухын насихаттау.

- Тиісті оқыту және нақты дерек көздерден ақпаратқа қол жеткізу арқылы заңнамадан, әзірлемелерден және теңдікке қатысты мәселелерден хабардар болып жүріңіз.

Бақылау мен сапаны қамтамасыз ету

- Әр оқушының үлгерімі мен сабаққа қатысуы үздіксіз бақылауда болады. Алынған мәліметтер мен тиімділік көрсеткіштері жынысына, нәсіліне, қабілетіне немесе қосымша қажеттіліктеріне қарай талданады.

- Сабақ барысын бақылау дифференциация белгілерін көрсетеді.

- Мәтіндер сәйкестік пен инклюзивтілікке лайықтылығы тексеріледі.

- Жиналған деректер мектептің болашақ жоспарларына, мақсаттары қатысты, сонымен қатар шешім қабылдауы үшін қолданылады.

- Қажет болған жағдайда қызметкерлер тамақ ішуге көмек көрсетуі мүмкін, бұл әр жеке тұлғаның қадір-қасиетін және таңдауын құрметтеуге септігін тигізеді.

Теңдік және мүгедектік туралы заң

1. МИССИЯ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Haileybury Astana барлығына бірдей мүмкіндіктер ұсынуға ұмтылады және осы қағидатты құптайды:

- Мүмкіндігі шектеулі тұлғалардан жұмысқа орналасу туралы өтініштер.

- Мүмкіндігі шектеулі оқушылардан орын алуға өтінімдер.

Мектептегі қызметкерлерді іріктеу процесі лауазымға үміткерлердің біліктілігі мен тәжірибесі осы қызмет бойынша үміткерлерге қойылатын талаптарға қаншалықты сәйкес келетіндігіне байланысты қысқа тізімге енуін қамтамасыз етеді.

Мектеп кейбір мүгедек жандарға жұмысты орындау үшін кейбір түзетулер енгізу қажет болатынын мойындайды. Біз жұмыс орнында немесе жұмысты орындау тәсіліне қандай өзгерістер енгізуге болатынын қарастыратын боламыз және кез келген ақылға қонымды өзгерістерді сөзсіз енгіземіз. Егер қызметкердің денсаулық жағдайында өзгерістер пайда болып, мүгедектігі дами бастайтын

болса, мектеп жұмыс орнына, жұмыс тәжірибесіне қажетті түзетулер енгізу немесе оған басқа қолайлы рөл табу арқылы ол қызметкердің жұмыс орнын сақтап қалуға бар күшін салады. Белгілі бір адамға қатысты шешімдер қабылданатын кезде, тиісті жұмысты дұрыс орындау үшін қажет жеке сипаттамалар немесе жағдайлар ғана ескеріледі.

Өнімділікті басқару процесінің бір бөлігі ретінде мүмкіндігі шектеулі қызметкерлерге олардың қабілеттерін дамыту және пайдалану үшін не істеуге болатынын талқылауға мүмкіндік беріледі. Мектептегі орынға үміткер мүмкіндігі шектеулі оқушылар стандартты қабылдау процедурасынан өтеді; орын туралы ұсыныстар қабылдау саясаты мен процедураларында көрсетілген негізде жүзеге асырылады. Қызметкерлер мүмкіндігі шектеулі қызметкерлер мен оқушыларға берілетін шарттарды үнемі қайта қарап, қолда бар жағдайларды үнемі жақсартуға ұмтылатын болады. 2001 жылғы ерекше білім беру қажеттіліктері мен мүгедектік туралы Заңға және 2010 жылғы теңдік туралы Заңға сәйкес Haileybury Astana мектебі мүгедектік белгісі бойынша кемсітушілікті қамтитын ережелерге қатысты қызметкерлер алдындағы жауапкершілігін мойындайды және білім алатын мүмкіндіктері шектеулі барлық оқушыларды оқу процесінде және/немесе оқуында белсенді түрде көтермелеп, қолдап отырады.

Академиялық қолдау және оқу бағдарламасы

Арнайы білім беру қажеттіліктері бөлім қызметкерлерінің жүргізген бағалауынан кейін (немесе оқытуда қосымша қолдау), егер қандай да бір белгілі оқушы фасилитатордың көмегіне мұқтаж деген шешім шығарылса, ол кез келген мүгедек оқушыға беріледі.

Емтиханды ұйымдастыру

Емтихан кезінде арнайы шараларды немесе қосымша қолдауды қажет ететін оқушылар мектепте тестілеу кезінде белгіленеді және қажет болған жағдайда емтихандарды өткізу үшін арнайы шаралар қолданылады.

Ерекше назар аудару

Білім беру және әлеуметтік мақсат-мүмкіндіктер бойынша мүмкіндігі шектеулі барлық пайдаланушыларға арнайы ең аз жабдықтар қойылған және бөлек бөлмелері бар мектеп ғимаратын пайдалануға мүмкіндік беру. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мектеп бірқатар балама тәсілдерді зерттеп, бағалауды жүзеге асырады.

ОҚУШЫҒА ҚАМҚОР БОЛУ ЖӘНЕ ОҚУШЫНЫҢ ЖАЙЛЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫ

Haileybury Astana мектебіндегі оқушылар мен ұстаздар арасындағы қарым-қатынас бірін-бірі құрметтеуге, сыйластыққа, өзара түсіністікке құрылған, сондықтан мұндай қарым-қатынас әрбір оқушының жеке тұлға ретінде жан-

жақты дамып, өзін-өзі бағалауын арттырып, оның тек сынып ішінде емес, сондай-ақ мектептен тыс жерде де үлкен жетістіктерге жетуіне ықпал ететіні сөзсіз. Оқушыларға қамқор болу мектеп қызметкерлерінің әрқайсысының міндеті болып табылады.

Мектептегі оқушылардың жайлылығы мен қамқорлыққа алынуы

Ата-аналар өз ұл-қыздарын мектепке таңертең тіркеу уақытына үлгеріп келуін қамтамасыз етулері тиіс. Таңертең қандай да бір оқушының белгілі не белгісіз себепке байланысты мектепке келе алмайтындығы туралы хабар сынып жетекшісіне немесе мектеп әкімшілігіне телефон арқылы не электронды пошта арқылы берілуі тиіс. Мектептегі сабақ уақыты кезінде ешкімге мектеп директоры орынбасарының (бүкіл мектеп бойынша) арнайы рұқсаты немесе мектеп дәрігерінің денсаулығына байланысты берген рұқсаты болмаса, мектептен кетуіне рұқсат етілмейді.

Сыныптан тыс қосымша сабақтарға тіркелмеген оқушыларға 3.30-дан бастап үйлеріне қайтуларына рұқсат, алайда оқушы міндетті түрде не ата-анасына, не рұқсат қағазы бар сенім білдірілген адамға, мәселен, жүргізушісі немесе туысқанына табысталуы тиіс.

Көрсетілген уақытта ата-аналары алып кетпеген оқушылар өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектептің кіре берісінде күтіп отыруға міндетті. Ата-аналар өз балаларын сол жерден алып кете алады.

Сынып жетекшісінің рөлі

Сынып жетекшісінің \ үй басшысының рөлі оқушыларға қамқор болу, олардың оқу-үлгерімін бақылау, әлеуметтік дамуы мен мектептегі жайлылықтарын қамтамасыз ету болып табылады. Сынып жетекшісі \ үй басшысының өз сыныбындағы оқушыларға жеке бас мәселелерін шешуге ақыл-кеңес беріп, оқу-үлгерімін жақсарту, білім алудағы қажетті дағдыларын дамытуға (мектеп күнделігін және дәптерлерін тексеріп, дұрыс жүргізе білуге көмектеседі), оқушылардың сабаққа қатысуын, ұқыптылығын және мінез-құлқын қадағалайды, сонымен қатар мектептегі түрлі қосымша үйірмелерге қатысудың пайдасы туралы пікірлесіп, сабақтан тыс іс-шараларға қызығушылықтарын оятып, атсалысуға кеңес береді және өз сыныбының оқушылары қатысатын қосымша сабақтарына қызығушылық танытады.

- Өз сыныбындағы әрбір оқушысы жайлы толық, дұрыс ақпаратқа ие болуы тиіс (отбасы, денсаулығы, қызығушылықтары, идеялары мен мінез-құлқы, өзін-өзі көпшілікте ұстай білуі туралы ақпарат), сынып жетекшісінің мұндай толық ақпаратқа ие болуы балаға қажет, жеке басына керекті қажеттіліктерімен қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

- Қай кезде болмасын, оқушының сабақтан тыс өміріне үлес қосу: мектеп мүлкіне қамқорлықпен қарау, концерттерге, театрларға, түрлі көрмелерге баруына ықпал ету.
- Ата-аналармен және олардың қамқоршыларымен үздіксіз, бейресми қарым-қатынаста болып, баланың жеке өмірін қадағалау.
- Оқушының оқу-үлгерімін үздіксіз жүйелі түрде бақылап, оның жетістігі мен даму сатылары жайлы мәліметтерді белгілі бір жүйеде, файлдарда сақтау.
- Оқушы сабаққа кешігуді жиілетсе немесе сабақтан көп қалатын болса, бұл сұрақ төңірегінде ата-аналарынан жауап алуға тырысу, аталған мәселені талқылау, тәрбиеге жауапты қызметкерлерге хабар беру.
- Ұқыптылық пен әр нәрсені өз уақытында істеуді үлгі ету, сыныптағы барлық оқушының уақытпен санасуы, уақытымен мектепке келуі тиіс екенін ескерту. Таңертең және түстен кейін оқушыларды тіркеу алдында сынып бөлмесінің есігін ашық қалдыру. Егер қандай да бір оқушы тіркеу уақытынан бұрын келіп қалса, мұғалім ол оқушымен тыныш жағдайда отырып пікірлесе алады.
- Таңертең сабақ басталған уақытта iSAMS бағдарламасы арқылы оқушыларды бір-бірімен шатастырмай, дұрыс белгілеп алу. Сонымен қатар ата-аналар жіберген мәліметтер бойынша жоқ оқушыларды белгілеу.
- KS2 оқушылардың күнделігін (кемдегенде аптасына бір рет) жүйелі түрде тексеріп тұру.
- Оқушылардың мектеп бекіткен мектеп формасын бұзбай киюлерін қадағалап, егер қандай да бір киімінің дұрыс еместігін байқаған жағдайда, ата-анасына мәлімдеп, мектеп формасының дұрыс киілуін талап ету.
- Мектепшілік ассамблеялар, концерттер мен басқа да түрлі жиындар болған кезде өз сынып оқушыларымен бірге отырып, олардың тыныш әрі тәртіпті отыруларын қамтамасыз ету.
- Өз оқушысының жас ерекшелігіне сәйкес оқу үлгерімі және тәрбие ісіне қатысты кез келген жиынға қатысу.
- Оқушылардың мінез-құлқы, тәртібі мен үлгерімі жайлы жазылған әрбір есепті мұқият оқып, танысып, қажетті жеріне түзету енгізіп, тиісті шара қолдану.
- Әр тоқсан соңында сынып жетекшісі ретінде жалпы және қорытынды пікір жазу.
- Оқушыларды өз жеке заттарына ие болуға баулу.
- Өз сыныбының таза болуына, шкафтарының тазалығына жауапты болуды үйрету.

Сынып жетекшісі \ үй басшылары оқушылармен, ата-аналармен және пән мұғалімдерімен, тәрбие жұмыстарына жауапты басшылармен әрі мектеп

дәрігерімен барлық іс-шаралардан хабардар болып, тиісті шешімді дер кезінде қабылдап, әрекет ету үшін тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуге тиіс.

Күнделікті мектепшілік тәртіпті сақтау шаралары пән мұғалімдерінің, сынып жетекшілерінің, тәрбие жұмыстарына жауапты басшыларының өзара кеңесуі кезінде талқыланады. Күрделі қиын мәселелер мектеп директорының орынбасары (бүкіл мектептік) және орта мектеп басшысы деңгейінде қарастырылады.

Қорқыту

Хейлибери Астана мектебі ұжымы егер мектепте бірін-бірі жәбірлеу немесе мазақтау секілді әрекеттер орын алатын болса, оның себеп-салдары қыздар мен ұлдардың жандарын жаралайтындығын мойындайды. Сол себепті де мектеп ұжымы бұзақылықтың кез келген түрінің: физикалық күштеу, жәбірлеу, мазақтау, бейәдеп сөздер қолдану, эмоционалдық және әлеуметтік әрекеттердің мектепте орын алуына қарсы, жол бермей күресіп келеді.

Мектеп қызметкерлеріне, сынып жетекшілері мен деңгей жетекшілеріне мектептегі, сынып ішіндегі қорқытудың, жәбірлеудің кез келген түрінің орын алмауына, сезік тудыратын жайттарға абай болуы ескертіледі. Мектептегі ең қатал тәртіптік жазалау шарасы оқушыларды қорқытуға атсалысқан адамдарға қатысты қолданылатынын ескертеміз. Мектеп әкімшілігі бұзақылықтың кез келген түрінің мектепте орын алмауына қатысты тиісті шаралар қолданады.

Haileybury Astana мектебі Tootoot деп аталатын жаңа жасырын платформаны ұсынады. Бұл платформа оқушыларға жәбірлеушілік және қорқыту әрекеттеріне қатысты мәселелер туралы жасырын түрде хабарлауға мүмкіндік береді. Содан кейін бұл мәселелерді штаттық қызметкерлер мен бастауыш және орта мектеп басшылары шешеді.

Мектепке келмей қалуға қатысты рұқсат алу

Оқушының мектепте болмай, сабақтан қалуына тек мектеп директорының орынбасары (бүкіл мектепшілік) немесе орта мектеп басшысы ғана рұқсат бере алады, алайда мектеп әкімшілігі ата-аналарға мұндай жағдайларды демалыс күндері немесе мерекелік күндерге сәйкестендіріп жоспарлауды сұрайды, талап етеді. Сонымен қатар мектеп әкімшілігі ата-аналардың өз балаларының мектептен ерте кетуі немесе демалыстан кейін кешігіп келу тірулы өтінішке рұқсат сұрамауға тырысуларын сұрайды. Сондай-ақ сабақ мерзімі, семестр кезінде баласының мектептен қалуына рұқсат сұрауы жалпымектептік ережеге қайшы келетін іс-әрекет екенін ата-ана естен шығармағаны дұрыс. Мұның себеп-салдары мұғалімге де, оқушының өз сабақ үлгеріміне де кері әсерін тигізеді.

Діни рәсімдер және сенім

Haileybury Astana мектебінде діни ілімді оқыту жүзеге асырылмайды, дегенмен біз барлық діни ағымдарды құрметтейміз. Мектеп қауымдастығы зиялы қауым болып табылады.

Haileybury Astana мектебіндегі арнайы қажеттіліктер бойынша білім беру саясаты

Haileybury Astana мектебі:

- Әрбір бала жеке басының қажеттіліктері ескеріле отырып білім алуға құқылы; алынған білім оның қоғамдағы орнын анықтап, қолдау көрсететін, өмірлік тәжірибе жинақтауға септігін тигізеді деп сенеді.
- Әрбір бала оқытудың кең ауқымды және өзгелермен бірдей білім беру бағдарламасы бойынша білім алуға құқылы, сондай-ақ бұл бағдарламада, қажет болған жағдайда, баланың жеке басы қажеттіліктерінің талаптары да ескерілуі тиіс және бұл қажеттіліктер құрдастарымен бірге болғанда жақсы қанағаттандырылады.
- Кейбір балалар білім алу үдерісінде қандай да бір қосымша қолдауды қажет ететін, арнайы білім беру қажеттіліктеріне ие болулары мүмкін. Мұндай қажеттілік бүкіл білім алу үдерісінде немесе арнайы бір уақыт аралығында жүзеге асырылуға тиіс болуы ықтимал. Арнайы қолдауды қажет ететін балаларға көмек қысқа мерзімге немесе оның қажеттіліктеріне сай келуі үшін ұзақ мерзімге қажет болуы мүмкін.

«Білім алудағы арнайы қажеттіліктер» ҰҒЫМЫНА ТҮСІНІКТЕМЕ

Білім алуда арнайы қажеттіліктері бар балалар дегеніміз білім алуда қандай да бір материалды түсінуде, меңгеруде **қиыншылық көретін**, сондықтан оларға арнайы уақыт бөліп, **демеу көрсетуді талап ететін** балалар деген сөз. Білім алудың, берілген материалды меңгерудің балаға қиын соғатынын мына белгілер арқылы анықтауға болады:

- Өзімен жастас балаларға қарағанда барлығына бірдей берілген оқу материалын өзгелермен бірге бірдей мерзімде меңгеріп алып кете алмау;
- Өзімен жастас балаларға ұсынылатын білім беру объектілерінен пайда алуға кедергі келтіретін мүгедектігінің болуы.

Балалардың білім алудағы арнайы қажеттіліктерінің болуы оның отбасы тілінен бөлек тілде білім алуы немесе өз ана тілінің болмауынан туындамауы тиіс.

МАҚСАТЫМЫЗ:

- Әр баланың арнайы қажеттіліктерінің талаптарын орындауға сай келетін орта туғыза білу;
- Әр баланың арнайы қажеттіліктерінің анықталғандығына, бағаланғандығына, сәйкесінше тиісті шаралар қолданғанына кепілдік беру;
- арнайы қажеттіліктері бойынша білім алатын әр балаға арнайы қажеттіліктері бойынша білім бере алатын қызметкер бекіту;
- барлық балаларға мектеп бағдарламасының барлық элементтерінің қолжетімді болуын қамтамасыз ету, бағдарламалармен танысуға мүмкіндік беру.

АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРІП, ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

SENCO-ның рөлі:

- күнбе-күн арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалармен жүргізілген жұмысты бақылап отыру.
- арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етуді бағдарлап отыру.
- Әріптес-мұғалімдермен үнемі байланыста болып, оқушының жасаған әрбір жетістігін бақылап отыру.
- Білім алуда қолдау көрсетіп, көмек беретін, оқушының жетістігі үшін жауап беретін мұғалімді басқарып отыру.
- Білім беруде арнайы қажеттіліктері бар балалардың жазбаларын мұқият тексеріп отыру.
- Білім беруде арнайы қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарымен үнемі байланыста болу.
- Білім беруде арнайы қажеттіліктері бар балаларға көмек беретін қызметкерлердің еңбектен қол үзбей кәсіби шеберліктерін арттыруға жағдай туғызу.
- Егер қажет деп табылса, сыртқы агенттермен бірлесіп әрекеттесу.
SENCO: Е. Пасека ханым

Білім алуға қол жеткізу

Білім алуға қосымша көмек, қолдау оқу процесіндегі сыныптағы мұғалім көмекшісінің біріге әрекет етуі арқылы қолжетімді болады, сонымен қатар сынып мұғалімі мен сыныптастар тарапынан да демеушілік көрсетіліп отырылады. Білім алуға берілетін қосымша қолдау дұрыс ұйымдастырылған жағдайда оқушыға өзіне сенімді болып, ешқандай бөгетке қарамастан білім алуға

деген құлшынысының арта түсуіне септігін тигізеді. Бұл жолға жетуде тек оқушының өзі ғана емес, шағын топпен біріге әрекет етуі нәтижелі болмақ. Қолдау көрсетуде қолданылатын білім беру материалын сынып жетекшісі немесе басқа маман-мұғалім арқылы дайындалып, мұғалім көмекшісі арқылы жеткізілуі әбден мүмкін. Балалардың шағын тобына жеке қолдау көрсетілуі ықтимал.

ТАНЫП БІЛУ, БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Білім алуда арнайы қолдауды қажет ететін оқушыларды танып-білу мектептің басты мақсаты деуге болады. Басқару ұйымдарымен қоса, мектеп директоры және SENCO, сонымен қатар күнбе-күн білім беруде түрлі қиындықтарға ұшырасатын қызметкерлердің барлығы осы кедергілерді анықтауға барлық күштерін ортақтастыра отырып кірісулері тиіс.

Мектептің барлық мұғалімдерін білім беруде арнайы қолдауды қажет ететін оқушыларға білім беретін мұғалімдер қатарына қосуға болады. Сондықтан да мұндай оқушыларға білім беру мектептің тікелей жауапкершілігі деуге болады. Білім беруде арнайы қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсету үшін мектеп нақты қандай қажеттіліктері бар екенін арнайы межелеу шкаласы арқылы анықтайды, яғни оқушыға нақты қай сала бойынша көмек қажет екендігін тексеріп алып, содан кейін арнайы мамандар оқушының қандай қиындықтармен күресетінін зерттейді.

БІЛІМ БЕРУДЕ АРНАЙЫ ҚОЛДАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРДЫ АНЫҚТАУ

Алғашқы белгілер

Егер оқушының білім алу үдерісіндегі кемшілігі анықталса немесе ата-анасы тарапынан мазасыздық байқалса, сынып жетекшісі ата-анамен пікірлеседі. Егер баланың үлгеріміндегі ілгеру жылжу ең маңызды мақсат болып табылса, мектеп тарапынан оқушы жіті бақылауға алынады. Оқушының білім алуда нақты жетістікке жетуін қамтамасыз ететін арнайы бағдарлама жасалып, жеке жұмыс жасау үдерісі басталады. Сынып жетекшісі өз тарапынан ата-анасының баласына үй жағдайында көрсете алатын әдіс-тәсілдер, көмектері жайлы пікірлесіп, қолдау көрсетеді.

Білім беруде арнайы қолдауды қажет ететін оқушыларды анықтау үшін мектеп әкімшілігі оқушының жетістігін төмендегі белгілер бойынша анықтайды:

- Мұғалім үнемі өз бақылауында ұстайтын оқушының жұмысы үздіксіз бақылау мен бағалау жұмысы болып табылады;
- Негізгі жұмыстарының нәтижелері, қорытынды бағалары;
- Негізгі деңгейді аяқтау барысындағы ұлттық білім беру бағдарламасы аясында жасалған оқушы жұмыстарының нәтижесі;

- Стандартты іріктеу немесе материалдардың бағалануы.

№1 ТОЛҚЫН

Сынып жеткешісі немесе SENCO ұйымының қызметкері білім беруде арнайы қолдауды қажет ететін оқушыны анықтаған болса, ол оқушының мұғалімі мектептің негізгі білім беру бағдарламасын толықтыра түсетін қосымша шаралар қолдануы тиіс. Бұл әрекет «№1 ТОЛҚЫН» деп аталады. Бұл №1 Толқын іс-шарасын тезірек іске қосуға оқушының ерекше білім беру бағдарламасы арқылы білім алып жүргендігіне қарамастан, еш ілгерілеушілік көрсетпеуі себеп болады.

- Баланың ең әлсіз жақтары ескеріле отырып жасалған бейімделе оқыту әдісінің еш нәтиже бермеуі;
- Сауатты жазу немесе математикалық амалдарды шығаруда қиналуы, ілгері жылжу процесінің байқалмауы оқыту бағдарламасының кейбір аяларының жетістікке жету жолында кедергілер туғызатыны байқалады;
- Мектепте әдетте қолданылатын тәртіпті басқару әдіс-тәсілдері еш нәтиже бермейтіндігі анық байқалады;
- Арнайы құралдар арқылы оқыту тәсілі ұсынылғанына қарамастан ешқандай прогрестің байқалмауы, жасалмауы, сенсорлық және физикалық қиындықтар көрінеді;
- Арнайы білім беру бағдарламасы ұсынылғанына қарамастан өзгелермен қарым-қатынас жасауы қиын, бұл үдерісте еш алға ілгерілеушілік байқалмайды немесе өте аз мөлшерде қол жеткізеді.

Кей жағдайларда мектеп қызметкерлерінен бөлек, сырттан шақыртылатын қызметкерлер көмегіне сүйену қажет болады. Мұндай кезде сырттан шақыртылатын мамандар мектеп қызметкерлерімен бұрын-соңды бірігіп жұмыс істемегендіктен ата-аналармен пікірлесіп, олардың келісімдерін алу өте маңызды. SENCO оқушының алдағы уақытта жасайтын тапсырмаларын арнайы бағдарламаға енгізіп, бағалау үдерісіне қолдау көрсете отырып, әріптестерімен пікірлесу және олардың іс-әрекеттерін бақылауға алады. Сынып жетекшісі жауапты тұлға болып табылады, ол оқушының күнделікті жұмысын бақылап, оның жеке өзіне жасалған білім бағдарламасымен қамтамасыз етеді.

Жағдайға араласу. Көмек көрсету

SESCO және оқушының мұғалімі қажетті шаралар туралы шешім қабылдайды, бұл шешім оқушының қазіргі бағасы негізінде алдағы уақытта қол жеткізер жетістігін бағалауға көмектеседі. Бұл дегеніңіз:

- Түрлі оқу материалдары немесе арнайы құралдар;

- Жеке немесе топтық сабақтарда аздаған қолдау, көмек көрсету;
- Нәтижелі тиімді стратегияларды енгізу мақсатында қызметкерлерді дамыту, оқыту.

№2 ТОЛҚЫН

№2 толқын бойынша қолдау оқушыны жаңа ортаға тарту, қызықтыру болып табылады. Сонымен қатар қосымша әрекеттер мектебінде қолдау тек оқушының араласуымен көрсетіледі. Мұндай көмек пікірлесу түрінде өткізілуі мүмкін, мұндай жағдайда мұғалімдердің жасаған арнайы білім беру бағдарламаларына қолдау көрсетіледі. Мұндай білім беру бағдарламалары мақсаттар мен стратегиялардан тұрады немесе арнайы ұйымдастырылған білім беру бағдарламасы арқылы оқушыға көрсетілетін көмек пен тәлімгерлікті қолдау түрлі мамандар өткізетін бағалау үдерісінен де тұруы мүмкін.

№2 толқынның қозғаушы күші төмендегі белгілерге бағытталады:

- Белгілі бір уақыт ішінде кейбір нақты салалар бойынша оқушы ешқандай нәтижеге қол жеткізбейді немесе өте төмен деңгейдегі нәтижені көрсетеді;
- Өзімен жастас балаларға қарағанда ұлттық білім беру бағдарламасы бойынша өте төмен нәтижеге қол жеткізеді;
- Өз сауаттылығын арттыру мен математикалық дағдыларын қалыптастыруда қиындықтарға ұшырасады;
- Тәртіпті басқарудың жеке бағдарламасы болуына қарамастан, сыныптағы эмоционалдық және өзін-өзі ұстау бойынша қиыншылықтарының болуы оқушының білім алуына немесе бүкіл сыныптың тәртібіне елеулі әсер етеді;
- Сенсорлық немесе қандай да бір физикалық кемшілігі болып, арнайы құрылғыны талап етеді, сонымен қатар оған үнемі пікірлесулер мен арнайы ұйымдардың кеңестерін қажет етеді;
- Қарым-қатынас жасауда үнемі қиыншылықтарға ұшырайды, бұл оның өзгелермен қоғамдық қарым-қатынасқа түсуіне, білім алуда түрлі бөгеттерге ұшырауына әсер етеді.

Мұндай жағдайларда мектеп сыртқы арнайы ұйымдардың көмегіне жүгінуі мүмкін, мысалы, білім беру жөніндегі психологтың қызметі ауадай қажет болады. Сыртқы ұйым көмегіне жүгінген жағдайда оқушының қажеттіліктері мен қиындықтары туралы ақпаратты бөлісу керек болады. Сыртқы ұйымнан алынатын көмек маманның кеңесі немесе маманның арнайы бақылауы, мектептегі мұғаліміне оқушының жеке білім алу бағдарламасын жасап беруі немесе оқушымен жеке айналысуы түрінде болуы мүмкін.

Кейбір ата-аналардың өз балаларының қиындықтары туралы мектептен тыс кәсіби тәуелсіз мамандардың көмегіне жүгінгенді жөн көруі мүмкін. Әрине,

мұндай шешім де жөн, алайда бұл жағдайда зерттеу нәтижесі SENCO және оның мүшелеріне жіберіліп, бірге талқылануы тиіс, мұндай бірлесе әрекет ету оқушының мектеп қабырғасында жақсы нәтижелерге жетуіне өз септігін тигізеді. Оқушыға жеке қолдау көрсету жоспары (ЖҚК) мақсат-міндеттерді жоспарлауға және сол мақсат-міндеттердің орындалуына апарар қадамдарды өлшеу үшін қолданылады. Әрине, кәдімгі сыныптағы білім алу жағдайында бұл жоспардың тек жартысы ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Бірақ оқушы одан бөлек, өз жеке білім беру бағдарламасы бойынша мектеп қызметкерлері тарапынан білім алу бойынша қосымша көмек ала алады. Егер осы кезеңде оқушы туралы ешқандай ақпарат түспесе, сынып жетекшісі ата-анамен хабарласып, мектепте оқушыға қатысты көрсетіліп жатқан қосымша көмек туралы мәлімет береді.

Жеке қолдау көрсету жоспары

Стратегия оқушының жетістікке жетуі үшін қолданылады, сондықтан да бұл жазбалар Жеке қолдау көрсету жоспарында тіркеліп, жазылуы тиіс. Жеке қолдау көрсету жоспарында төмендегі мәліметтер беріледі:

- оқушының алдына қойылған қысқамерзімді мақсаттар;
- білім беру барысында қолданылатын білім беру стратегиясы;
- оқушыға толыққанды қолдау көрсетуге қажетті жағдай туғызу;
- жоспардың қайта қаралу мерзімі туралы ақпарат;
- қол жеткізген нәтижелер (ЖҚК жоспары қайта қаралатын кезде қажет болатындықтан жазбаша формасы міндетті түрде болуы керек);
- Ата-аналар мен оқушылардың пікірлері;
- соңғы бағалар туралы мәліметтер.

Жеке қолдау көрсету жоспарында негізгі білім беру бағдарламасынан ерекшеленетін мәліметтер ғана көрсетіледі, сонымен қатар оқушының қажеттіліктеріне сай келетін тек екі-үш негізгі мақсаттардың орындалуына баса назар аударады. Әр семестр сайын жеке қолдау көрсету жоспары қайта қарастырылып отырылады, бұл кезеңде ата-аналардың балаларының қол жеткізген жетістігі туралы пікірлері есепке алынады. Процестің қайта қаралу және мақсат-міндеттерді анықтау кезінде оқушы да қатысып, атсалысып, өз қызығушылығын танытып отырады.

Оқушылар үшін Жеке қолдау көрсету жоспарын ұйымдастыру

Мектебіміздің барлық оқушылары мектептің өміріне, өткізілетін іс-шараларына бір кісідей атсалысып, қызығушылық танытады. Оқушылардың мектепте сыныпта және сыныптан тыс өткізілетін іс-шараларға қатысуға құқықтары бар.

Жеке қолдау көрсетуге мұқтаж оқушылар қысқа мерзімге ғана шақыртылулары мүмкін.

Білім берудегі ерекше қажеттіліктер мен бағалау жолдары

Негізгі сынақ-тесттер үшін, IGCSE емтихандары мен Халықаралық бакалавриат ішкі және сыртқы бағалау емтихандары, Кэмбридж халықаралық емтихандары (CIE) мен ХБ болып саналатын мектептерінің емтихандары үшін «Ерекше келісімге» көшу үшін ұйымдастырылады. Қандай жағдай болмасын, соңғы екі жыл бойындағы кәсіби бағалау мектеп әкімшілігіне және IGCSE емтиханын тапсыратын үміткерлер үшін Кэмбридж халықаралық емтихандары (CIE) кеңсесіне, (IBDP үміткерлері үшін) ХБ ұйымына жіберілуі тиіс. Тек Кэмбридж халықаралық емтихандары (CIE) кеңсесі және (IBDP үміткерлері үшін) ХБ ұйымы ғана «Ерекше келісімге» рұқсат беруге құқылы.

Рұқсат алынған жағдайда төмендегі жайттар орын алуы мүмкін:

- Емтихан қағаздарының өзгеруі;
- Жұмыстарды өткізу мерзімінің ұзартылуы;
- Практикалық жұмыстарды орындауға көрсетілетін қосымша көмек;
- Қосымша уақыттың берілуі;
- Демалыс уақытының берілуі;
- Ақпараттық және қарым-қатынас жасау технологиялары;
- Хат алмасу және транскрипциялау;
- Оқырман.

Жетістікті бағалау

Біздің мақсатымыз бұл саясаттың төменде көрсетілген мәселелердің шешімін табуды қамтамасыз ету болып табылады:

- Білім беруде ерекше қажеттіліктері бар, қолдауды қажет ететін оқушыларды мүмкіндігінше ерте кезеңде анықтау;
- Нақты, нәтижеге жетуге бағытталған, белгілі мерзімге құрылған Жеке қолдау көрсету жоспары;
- Әр семестрде жоспарларды қайта қарастырып отыру (ереже бойынша әр семестр ортасында) .

Ата-ана міндеттері

Білім беруде ерекше қажеттіліктері бар, қолдауды қажет ететін оқушылардың ата-аналары мектептің серіктестері ретінде қарастырылады. Олар өз жанұсының қолдаушысы ретінде әрекет ете отырып, төмендегі мүмкіндіктерге ие болуы тиіс:

- өздерінің ата-аналық міндеттерін мойындап, оны толығымен орындауға келісу, өз баласының білім алу процесіне толық қатысып, қызығушылық таныта отырып қолдау көрсету;
- берілген саясат негізінде өз баласының құқықтарынан хабардар болу;
- кеңес және қолдау көрсету жөнінде берілетін ақпараттарға ие болу, дер кезінде алып отыру.

Мектеппен арадағы қарым-қатынас нәтижелі жұмыс істеуі үшін ата-аналар:

- мектеппен үздіксіз хабарласа отырып, өз баласының білім беруде қажет болатын ерекше қажеттіліктері жайлы толық құжаттарды дер кезінде берулері тиіс;
- мектепке өз баласының білім беруде қажет болатын ерекше қажеттіліктері өзгерген жағдайда хабарлауы тиіс.

Шолу және қайта қарау

Білім берудегі ерекше қажеттіліктер саясаты кем дегенде екі жылда бір рет қайта қарастырылып отырылуы тиіс.

Психикалық денсаулық және эмоционалдық әл-ауқат саясаты

Мазмұны

- 1.0 Саясат туралы мәлімдеме
- 2.0 Қолдану аясы
- 3.0 Саясаттың мақсаттары
- 4.0 Негізгі қызметкерлер
- 5.0 Жеке күтім жоспарлары
- 6.0 Психикалық денсаулық мәселелерін оқыту
- 7.0 Белгілерді орнату
- 8.0 Мектептегі және жергілікті қоғамдастықтағы қолдау көздері
- 9.0 Ескерту белгілері
- 10.0 Мақсатты қолдау
- 11.0 Ақпараттың жария етілуін басқару
- 12.0 Құпиялылық
- 13.0 Ата-аналармен/қамқоршылармен жұмыс
- 13.1 Ата-аналарға/қамқоршыларға қолдау көрсету
- 14.0 Жолдастарға қолдау көрсету
- 15.0 Оқыту
- 16.0 Саясатқа шолу

1.0 Саясат туралы мәлімдеме

Психикалық денсаулық - бұл әр адамның өзінің әлеуетін жүзеге асыратын,

өмірдің әдеттегі күйзелістерін жеңе алатын, өнімді жұмыс істей алатын және өз қауымдастығына пайда әкелетін әл-ауқат жағдайы. (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы)

Haileybury Astana мектебінде біз барлық оқушылардың, олардың отбасыларының, қызметкерлер мен басқарушылардың психикалық денсаулығы мен эмоционалдық әл-ауқатының қалыпты жағдайда болуын қолдауға тырысамыз. Біздің ұжымдық мәдениетіміз оқушылардың пікірлерімен санасуға, олардың әрбір пікірін естуге мүмкіндік береді және тиімді саясат пен процедураларды қолдану арқылы біз психикалық денсаулығына тікелей немесе жанама әсер ететін кез келген адамға қауіпсіз және қолайлы ортаны қамтамасыз етеміз.

2.0 Қолдану аясы

Бұл саясат Haileybury Astana мектебінің психикалық денсаулығы мен эмоционалдық әл-ауқатын нығайтуға қатысты көзқарасын баяндайтын барлық қызметкерлер, оның ішінде мұғалім емес қызметкерлер мен басқарушылар үшін нұсқаулық болып табылады.

Оны басқа тиісті мектеп ережелерімен бірге оқу керек.

3.0 Саясаттың мақсаты

- Барлық қызметкерлер мен шәкірттердің қалыпты, жайлы психикалық денсаулығы мен эмоционалдық әл-ауқатын нығайту.
- Жалпы психикалық денсаулық мәселелері туралы түсінік пен хабардарлықты арттыру.
- Қызметкерлерге шәкірттердің бойндағы. Іс-әрекеттеріндегі психикалық бұзылыстың ерте белгілерін анықтауға және оларға жауап беруге мүмкіндік беру.
- Қызметкерлерге психикалық денсаулығы нашар жастармен жұмыс істеу кезінде қалай және қашан қолдау сұрау керектігін түсінуге мүмкіндік беру.
- Психикалық денсаулығы нашар оқушыларға тиісті қолдау көрсету және оларға және олардың ата-аналарына/қамқоршыларына нақты қолдау көрсету үшін қайда бару керектігінен хабардар болу.
- Оқушылар арасында өміршендікті дамыту және өміршендікті арттыру әдістері туралы хабардарлықты арттыру.
- Қызметкерлердің хабардарлығын арттыру және жоғары басқару тобы тарапынан қызметкерлердің психикалық денсаулығына қатысты проблемалар болуы мүмкін екенін және олардың әл-ауқатына қамқорлық жасауда қолдау көрсетілетінін мойындауға ұмтылу; мектептегі мінез-құлық пен әл-ауқатпен нығайтылған тиімді көрсеткіштер арқылы белгілер мен көрсеткіштер туралы барлығы хабардар болатын қызметкерлер мен оқушылардың әл-ауқат мәдениетін қалыптастыру.

4.0 Негізгі қызметкерлер

Бұл саясат барлық қызметкерлердің оқушылардың психикалық денсаулығын

нығайту үшін жауапкершілікті өз мойнына алуын қамтамасыз етуге бағытталған, алайда негізгі қызметкерлер өздерінің негізгі қызметтік міндеттемелерін мүлтіксіз атқаруға тиіс:

- Тәрбие ісіне жауапты қызметкерлер (үй басшылары)
- Қауіпсіздік бойынша тағайындалған басшы - Инна Акопян (Қауіпсіздік бойынша тағайындалған басшы орынбасары - Керри Синклер)
- SENCO - Евгения Пасека
- PSHE үйлестірушісі - Элизабет Эннис
- Мектеп психолог-кеңесшісі - Бақыт Адрышева

Егер қызметкерлердің біреуі оқушылардың психикалық денсаулығына немесе әл-ауқатына алаңдаушылық білдіретін болса, олар бірінші кезекте тәрбие жұмыстарына жауапты қызметкерлермен сөйлесуі керек.

Егер оқушы қауіп жоғары топқа жататын болса немесе оның өміріне тікелей зиян келу қауіпі бар деп алаңдаушылық танытатын болса, мектептегі балаларды қорғау процедураларын сақтау керек.

Егер бала жоғары қауіпті шұғыл медициналық көмекке ұшыраса, осындай жағдайлар кезінде қолдануға тиісті процедураларды, соның ішінде, шұғыл қызметтерді іске қосу шараларын жүзеге асыру қажет.

5.0 Жеке күтім жоспарлары

Егер оқушының мазасыздануға негіз бар екені анықталса, оған психикалық денсаулығына қатысты диагноз қойылған болса, не біздің жіберген тобымыздан, немесе басқа ұйым арқылы қолдау алады, сәйкесінше жеке күтім жоспарын жасау ұсынылады. Жоспарды әзірлеуге оқушылар, ата-аналар және тиісті мамандар қатысуы керек.

Бұл жоспарға төменде ұсынылған элементтер жатады:

- Оқушының жағдайы / жағдайы / диагнозы туралы толық ақпарат
- Арнайы талаптар немесе стратегиялар, сондай-ақ қажетті сақтық шаралары
- Дәрі-дәрмекпен емдеу және кез келген жанама әсерлер
- Төтенше жағдайда кімге жүгіну керек
- Мектеп пен нақты қызметкердің рөлі.

6.0 Психикалық денсаулық мәселелеріне қатысты білім беру

Басқа адамдардың физикалық және психикалық денсаулығын, сонымен қатар қауіпсіздігін сақтау үшін қажет дағдылар, білім және түсінік оқушыларға біз ұсынатын PSHE оқу бағдарламасына және тәрбие мен сыныптастардың бір-біріне көмек көрсетуіне арналған тәлімгерлік бағдарламаға енгізілген.

Біз психикалық және эмоционалдық денсаулық мәселелерін қауіпсіз және сезімтал оқытуға дайындау үшін PSHE қауымдастығы шығарған нұсқауларды орындаймыз.

<https://www.pshe-association.org.uk/curriculum-and-resources/resources/guidancepreparing-teach-about-mental-health-and-emotional-wellbeing>

Мұны біздің оқу жоспарымыздың барлық кезеңдеріне енгізу - оқушылардың өз эмоцияларымен, сондай-ақ басқа адамдардың эмоцияларымен күресудің және түсінудің салауатты стратегияларын әзірлеу арқылы оқушылардың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізетін жақсы мүмкіндік деуге болады.

Сонымен қатар, біз мұндай сабақтарды шынымен қиындыққа тап болған оқушыларға денсаулық пен қауіпсіздікті сақтау стратегияларымен таныстыру және келеңсіз жағдайға тап болған кез келген достарына қолдау көрсету үшін оқушыларға көмек көрсету құралы ретінде пайдаланамыз.

Сыныптастарды қолдау туралы 14 бөлімнен қараңыз.

7.0 Белгілерді орнату

Біз қызметкерлердің, оқушылардың және ата-аналардың/қамқоршылардың қол жетімді қолдау мен қызметтер туралы және олардың осы қызметтерге қалай қол жеткізе алатындығы туралы хабардар болуын қамтамасыз етеміз.

Мектеп ішінде (әр үйге берілген тақталар, мұғалімдер бөлмесі, дәретханалар және т.б.) және байланыс арналары арқылы (сынып сағаты, веб-сайттар, ассамблеялар) біз қолдау білдіретін қызметтері мен іс-шаралар туралы тиісті ақпараттармен бөлісеміз және көрсетеміз.

Мұның мақсаты - шәкірттердің өздері ала алатын көмек туралы түсініктерін кеңейті, тиісті ақпаратпен қамтамасыз ету:

- Қандай көмек көрсетіледі?
- Ол кімге бағытталған көмек?
- Ол көмекке қалай қол жеткізуге болады?
- Неге олар оған қол жеткізуі керек?
- Бұдан әрі не болуы мүмкін?

8.0 Мектептегі және жергілікті қоғамдастықтағы дереккөздер немесе қолдау

Мектеп іргесінде қолдау

▪ PSHE - орта мектепте үй басшылары мен бастауыш мектепте сынып жетекшілері аптасына бір рет өткізеді.

- Ассамблеялар – мектеп қызметкерлері өткізеді

- Тақырыптық апталар (мысалы, психикалық денсаулық туралы хабардар болу апталығы, психикалық денсаулық және сауықтыру күндері және т. б.)
- Тәлімгерлік - аптасына бір рет сынып жетекшілері және үй басшылары)
- Кеңес беру - мектеп кеңесшісі (жеке сабақтар, топтық сабақтар, оқушыларға, қызметкерлерге және ата-аналарға арналған семинарлар)
- Ақпарат алуға және өз бетінше жүгінуге арналған Веб-сайт
- АСБ - ата-аналардың серіктестік бағдарламасы

Жергілікті қолдау

Астанада балалар мен жастардың психикалық саулығына қолдау көрсететін бірқатар ұйымдар мен топтар, маманданған қызмет көрсетушілер тобы бар. Бұл серіктестер балаларға, жастарға және олардың отбасыларына қол жетімді қолдау көрсетеді, сонымен бірге профилактика, араласу, оқыту және қатысу арқылы психикалық денсаулық мәселелерінің ауқымын азайту үшін мамандармен жұмыс істейді. Біздің кеңесшіміз кәсіби көмек көрсетілу қажеттілігін анықтауға көмектеседі және тиісті ұйымдарға және/немесе мамандарға жолдайды.

9.0 Ескерту белгілері

Қызметкерлерге оқушының психикалық денсаулығына немесе эмоционалдық әл-ауқатына қатысты мәселелерді көрсететін ескерту белгілері туралы хабарлануы мүмкін. Бұл ескерту белгілеріне әрқашан байыпты қарау керек және осы ескерту белгілерінің кез келгенін бақылайтын қызметкерлер, ең алдымен, тәрбиеге жауапты басшыларға немесе DSL мен кеңесшіге олардың алаңдаушылығының жеделдігіне байланысты ескерту жасауы керек.

Қызметкерлер isams-тегі Wellbeing модулінде науқастарды қалай бағыттау және қауіпсіздік мәселелерін тіркеу бойынша жаттығу сабақтарынан өтті. Қызметкерлер үшін үнемі жаңартылған жаттығу сабақтары ұсынылып отырады.

Барлық қызметкерлер білуі керек ықтимал ескерту белгілеріне мыналар жатады:

- Қайталанатын немесе кездейсоқ емес болып көрінетін зақымданудың физикалық белгілері
 - Тамақтану / ұйқы әдеттерінің өзгеруі
 - Достардан немесе отбасынан оқшауланудың күшеюі, әлеуметтік ортада өзін-өзі тұйық ұстау, ешкіммен ашылып сөйлеспеу
 - Белсенділік пен көңіл-күйдің өзгеруі
 - Оқу үлгерімінің төмендеуі
 - Өзіне зиян келтіру немесе суицид туралы әңгімелер немесе әзілдер
 - Есірткіні немесе алкогольді шамадан тыс артық мөлшерде пайдалану
 - Сәтсіздік, пайдасыздық немесе үміті жоғалғандық сезімін, торыққандық күйін білдіру.

10.0 Мақсатты қолдау

- Киімді ауыстыру - мысалы, жылы ауа-райында ұзын жеңді киім кию.
- Жасырын, түсініксіз, күдікті мінез-құлық
- Дене шынықтыру сабағына қасақана бармай қалу немесе ешкімге көрінбей киім ауыстырып киіну
- Мектепке кешігіп келу немесе мүлдем келмей қалу
- Ешқандай себепсіз қайталанатын физикалық ауырсыну немесе жүрек айнуы
- Кешігу немесе сабаққа келмеу күндерінің санының артуы

Біз кейбір балалар мен жастардың психикалық денсаулығының нашарлау қаупі жоғары екенін мойындаймыз.

Біз шәкірттеріміздің эмоционалды және психикалық денсаулығына деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тәрбие ісіне жауапты топтармен, мектеп кеңесшілерімен және отбасыларымен тығыз жұмыс істейміз.

Біз мақсатты қолдау пайдалы болатын, көмегі тиетін оқушыларды уақтылы және тиімді анықтауды қамтамасыз етеміз және қолдау қызметтеріне тиісті бағытты төмендегідей көрсетіп отырамыз:

- Әлеуметтік, эмоционалды және мінез-құлық проблемаларға қатысты қауіп төну мүмкіндігі жоғары топтағы (немесе белгілері бар) балаларға нақты көмек көрсету.
- Өртүрлі хаттамаларды орындау үшін біздің жіберу тобымен, кеңесшілермен және тәрбие ісіне жауапты топтармен тығыз ынтымақтастық орнатып, бірлесіп қызмет ету, соның ішінде:
 - Бағалау және дәрігерге жолдама беру
 - Мазасыздықтың, эмоционалды бұзылыстың немесе мінез-құлық проблемаларының ерте белгілерін көрсететін балаларды анықтау және бағалау
 - Баламен және оның ата-анасымен/қамқоршыларымен осы мәселелерді шешудің жолдарын талқылау
 - «Кезең-кезеңмен күтім жасау» тәсілінің бірінші кезеңі ретінде жеке күтім жоспарын жасау.
 - Баланың қажеттіліктеріне сәйкес тиімділігі дәлелденген бірқатар іс-шараларды ұсыну
 - Жастардың тәрбиелік күтім мен қолдауға, сондай-ақ мамандандырылған қызметтерге, соның ішінде біздің кеңесшіміз бен сыртқы мамандарға қол жеткізуін қамтамасыз ету, осылайша эмоционалды, әлеуметтік және мінез-құлық проблемалары пайда болғаннан кейін тез арада шешілу мүмкіндіктерін қарастыру.
 - Жастарға жеке мәселелер мен эмоционалды тәжірибелерді талқылау мүмкіндіктері туралы нақты және дәйекті ақпарат беру. Ұсынылған кез келген қолдау жергілікті қоғамдастық пен білім беру саясатын, сондай-ақ құпиялылыққа қатысты хаттамаларды ескеруі керек

- Жастарға қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беру, әсіресе қажет болған кезде қолдау іздеу қиынға соғуы мүмкін.
- 2014 жылғы балалар мен отбасылар туралы заңда белгіленген міндеттерге сәйкес жас қамқоршыларды анықтау, бағалау және қолдау.

11.0 Ақпараттың жария етілуін басқару

Егер оқушы өзіне немесе досына қатысты алаңдаушылықтарын қызметкерлердің кез келгенімен бөлісуді шешсе, оның бұл әрекетін сабырлы, қолдау көрсетуге дайын екенін көрсетіп, ешқандай жеке пікір білдірместен, бейтарап түрмен қабылдау қажет.

Барлық жария болған деректер Isams жүйесіндегі Wellbeing модулінде құпия түрде тіркелуі керек, соның ішінде:

- Күні
- Ақпарат берілген қызметкердің аты-жөні
- Ақпаратты жария ету сипаты & & әңгіменің маңызды сәттері
- Келісілген келесі қадамдар

Біз бұл ақпаратты DSL-мен және қажет болған жағдайда кеңесші мен тәрбие ісіне жауапты басшылармен бөлісеміз.

Егер тәлімгерлік бағдарламасы болса, онда кез келген ақпаратты жария ету де осы процеске сәйкес келеді.

12.0 Құпиялылық

Егер Қауіпсіздік қызметтерінің тағайындалған басшысы (DSL) немесе кеңесші оқушыға қатысты алаңдаушылықты мектептегі немесе одан тыс жерлердегі кез келген адамға жеткізуді қажет деп тапса, онда бұл мәселені ол алдымен оқушымен талқылап алуға тиіс. Біз оқушыға не істегелі жатқанымыздан хабар береміз:

- Біз кімге айтамыз?
- Біз оларға не айтамыз?
- Неге біз оларға бұл туралы айтуымыз керек?
- Біз оларға қашан айтамыз?

Ең дұрысы, алдымен оқушының келісімін алу керек, дегенмен, қандай да бір ақпаратпен міндетті түрде бөлісу қажет болатын жағдайлар болуы мүмкін, мысалы, 16 жасқа дейінгі оқушының өміріне қауіп-қатер төнетін жағдай. Қызметкерлердің эмоционалды әл-ауқатын қамтамасыз ету де маңызды. Ақпаратты әріптесіңізбен бөлісе отырып, сіз оқушы үшін бір ғана қызметкердің жалғыз жауап бермейтініне кепілдік бересіз. Ол сондай-ақ қызметкер орнында болмаған жағдайда, оқушы күтімінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді және идеялар мен қолдау алуға мүмкіндік береді. Кез келген жағдай не мәселе туралы ата-аналарға әрқашан хабарлау керек, бірақ оқушылар өз жеке бастарының қауіпсіздіктері үшін бұл туралы ата-аналарына өздері хабарлай алады. Мұндай

жағдайда осы мазмұндағы ақпаратты мектеп оқушының ата-анасымен/қамқоршыларымен байланысқанға дейін 24 сағат ішінде ұсынған жөн. Егер оқушы мектеп қызметкерлеріне өзіне қауіп төніп тұр деп сенуге негіздеме берсе немесе балаларды қорғауға қатысты қандай да бір мәселелер туындағанын жеткізсе, ол туралы ата-аналарға хабарлауға болмайды, бірақ балаларды қорғау процедуралары сақталуы керек.

13.0 Ата-аналармен/қамқоршылармен жұмыс

Егер ата-аналарға хабарлау орынды болған жағдайда да, алдымен кейбір мәселелерді қарастырған жөн:

- Біз ата-аналармен/қамқоршылармен бетпе-бет кездесе аламыз ба?
- Жиналысқа бірнеше ересек адам қатысуы керек
- Кездесу қай жерде өтуі керек – кейбір ата-аналар мектепте өздерін жайсыз сезінеді, сондықтан қажет болған жағдайда бейтарап орынды таңдаған жөн.
- Кім қатысуы керек – оқушылар, қызметкерлер, ата-аналар және т. б.?
- Кездесудің мақсаттары мен күтілетін нәтижелері қандай?

Ата-аналар үшін баласына қатысты кез келген мәселе туралы хабар әрқашан да жағымсыз болуы мүмкін екенін есте ұстаған дұрыс. Сондықтан хабарды естігеннен кейін олар біз күткеннен басқаша әрекетке барулары әбден мүмкін, сол себепті біз ондай жағдайларға дайын болуымыз керек және ата-аналарға ойлануға және хабарды толық қабылдап, орын алған жағдаймен үйренісуге уақыт беруіміз керек. Мұндай жағдайларда ата-аналарға басқа ақпарат пен қолдау көздерін көрсету пайдалы болуы мүмкін. Жиналыс соңында ата-аналар тарапынан қосымша сұрақтар немесе алаңдаушылықтар туындаған жағдайда, жылдам әрі кедергісіз хабарласа алулары үшін байланыс арналарын ашық қалдыру керек. Бұл кезеңде алдағы уақыттағы екінші кездесу немесе телефон арқылы келіссөз жүргізу туралы алдын-ала келісім жасап алу әбден пайдалы болуы мүмкін. Кездесу жазбасы мен талқыланған / келісілген тармақтардың оқушының жеке ісіне енгізілгеніне және қажет болған жағдайда жеке күтім жоспары жасалғанына көз жеткізіңіз.

13.1 Ата-аналарға/қамқоршыларға қолдау көрсету

Біз отбасының балалар мен жастардың эмоционалды денсаулығы мен әл-ауқатына әсер етуде шешуші рөл атқаратынын мойындаймыз; сол себепті де біз ата-аналармен және қамқоршылармен серіктестікте эмоционалды денсаулық пен әл-ауқатты нығайту үшін жұмыс істейтін боламыз:

- Барлық ата-аналардың әлеуметтік және эмоционалды әл-ауқатын нығайту және психикалық денсаулық проблемаларының алдын алу шаралары туралы хабардар болуын және оларға қол жеткізуін қамтамасыз ету.

- Біздің байланыс арналарымыз (веб-сайт, МЖӘ (ата-аналарға арналған серіктестік бағдарламалар және т. б.) арқылы жалпы психикалық денсаулық мәселелері бойынша ақпарат және қолдау көздерін анықтау

- Ата-аналарға немесе қамқоршыларға ата-ана ретінде дағдыларын дамытуға көмектесу үшін қолдау көрсету. Бұл жағдайда мектеп кеңесшісі немесе басқа да тиісті дайындықтан өткен мамандардың денсаулық сақтау не болмаса білім беру саласына қатысты шағын топтық бағдарламаларды, сондай-ақ түрлі ақпараттарды ұсыну мүмкін.

- Ата-аналардың, қамқоршылардың және басқа отбасы мүшелерінің әлеуметтік және эмоционалдық әл-ауқатқа ықпал ететін іс-шараларға толық қатысу үшін қажетті қолдауды алуын қамтамасыз ету. Бұл ретте ата-аналарға арналған кез келген сабақтарға қатысуға қолдау көрсете отырып, сабақты өткізуге әр түрлі уақытты ұсына алады.

14.0 Жолдастарға қолдау көрсету

Оқушы психикалық денсаулығына байланысты қиындықтарға ұшырап, түрлі проблемалардан зардап шеккенде, оған қолдау көрсеткісі келетін, бірақ қалай жасау керектігін білмейтін достары үшін қиын уақыт болуы мүмкін. Жолдастарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін біз кез келген жағдайда жеке-жеке қарастыра отырып, қандай достардың қосымша қолдауды қажет етуі мүмкін екенін қарастыратын боламыз. Қолдау жеке немесе топта көрсетіледі және біз талқылайтын зардап шеккен оқушы мен оның ата-анасының әңгімелеріне негізделеді:

- Достарға нені білу пайдалы және оларға нені айтпау керек?
- Достар қандай жағдайда жақсы қолдау көрсете алады?
- Достар байқаусызда жағдайды ушықтырып алмауы үшін қандай да бір әрекеттерді ойланбастан жасаудан / не болмаса ойланбастан айта салудан аулақ болулары керек
- Олардың досына көмек қажет екендігі туралы ескерту белгілердің болуы (мысалы, бір жағдайдың қайталану белгілері).

Сонымен қатар, біз әріптестерімізбен төмендегі мәліметтерді бөліскіміз келеді:

- Өзіңіз үшін қайда және қалай қолдауға қол жеткізуге болады?
- Досының денсаулығы туралы қосымша ақпараттың сенімді көздері
- Олар сезінуі мүмкін қиын эмоциялармен күресудің тиімді жолдары

15.0 Оқыту

Мектеп қызметкерлерінің барлығы да, кем дегенде, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін балаларды қорғау бойынша тұрақты оқыту шеңберінде психикалық денсаулық мәселелерін тану және оларға жауап беру бойынша тұрақты оқытудан өтеді. Тағайындалған қызметкер психикалық денсаулық бойынша алғашқы медициналық көмек көрсету жөнінде кәсіби

дайындықтан немесе сол тектес дайындықтан өтеді. Мұндай жаттығуды әр оқушы бөлінген Үй жүйесінде де өткізуге болады. Үй басшылары мұндай жаттығудан алдымен өздері өтеді, содан кейін оны өз командасына таратады. Бұл сабақтарды мектеп кеңесшісі өткізеді. Біз психикалық денсаулық туралы көбірек білгісі келетін қызметкерлерге арнайы веб-сайтымызда тиісті ақпараттармен бөлісетін боламыз. Тереңірек білімді қажет ететін қызметкерлерге арналған оқу мүмкіндіктері біздің өнімділікті басқару процесінің бір бөлігі ретінде қарастырылады және бір немесе бірнеше оқушыға қатысты жағдай орын алып, оқиғаның дамуы байқалған сәтте қосымша үздіксіз кәсіби даму курсы ретінде жыл бойы қолдау көрсетіледі. Қажет болған жағдайда біз психикалық денсаулыққа қатысты нақты мәселелерді зерттеуге немесе түсінуге ықпал ету үшін барлық қызметкерлерге кешкілік жаттығулар өткізетін боламыз. Жеке, топтық немесе мектептегі үздіксіз кәсіби даму курсы бойынша ұсыныстарды директордың орынбасарымен талқылау керек, ол сонымен қатар қажет болған жағдайда жеке тұлғаларға тиісті оқыту мен қолдау көздерін көрсете алады.

16.0 Саясатқа шолу

Бұл саясат кем дегенде екі жыл сайын қайта қаралады. Келесі қарау күні-15.08.2023

Жаңартулар арасында саясат жергілікті және Ұлттық өзгерістерді ескере отырып, қажет болған жағдайда жаңартылады. Бұл қауіпсіздік бойынша тағайындалған басшысының және басшының орынбасарының міндеттеріне кіреді.

Кез келген кадрлық өзгерістер дереу жүзеге асырылуға тиіс.